

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

ВЕДОМСТВЕННЫЙ СВОД ПРАВИЛ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨЛІК АҒЫНЫ
ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН ЕСЕПKE
АЛУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ**

ҚР ВЕЖ 7.1-002-2025

**УЧЕТ И ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ИНТЕНСИВНОСТИ ДВИЖЕНИЯ
ТРАНСПОРТНОГО ПОТОКА НА АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГАХ**

ВСП РК 7.1-002-2025

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ АВТОМОБИЛЬ
ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨЛІК АҒЫНЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ
ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН ЕСЕПКЕ
АЛУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ**

ҚР ВЕЖ 7.1-001-2025

Ресми басылым

Астана

ҚР ВЕЖ 7.1-001-2025

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ

«Қазақстан жолғылымы-зерттеу институты»
акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ)

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі
Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2025
ж. «18» қарашағы № 119 бұйрығы

3 КЕЛІСІЛДІ

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамының
2025 жылғы «12» қарашағы
№09-01/09-01/3919-И хаты

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы»
ШЖҚ РМК
2025 жылғы «17» қазандағы №03-02/665 хаты

4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР ЕР 218-04-2014 «Автомобиль жолдарындағы
көлік ағыны қозғалысының қарқындылығын есепке
алу және болжау жөніндегі нұсқаулық»

*Құжат Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында
(<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), сондай-ақ <https://rnbase.qazjolqzi.kz/ru/> электронды
мәліметтер базасында қол жетімді.*

Осы ведомстволық ережелер жинағы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі
Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе
ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Мазмұны

Кіріспе	
1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	1
4 Жалпы ережелер	2
5 Көлік қозғалысын есепке алуды ұйымдастыру	5
6 Есепке алу әдістері және қозғалыс қарқындылығын бағдарламалық қамтамасыз ету	5
6.1 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың автоматтандырылған әдісі	5
6.2 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу аспаптарына қойылатын талаптар	6
6.3 Көлік ағындарын модельдеу және болжау	7
6.4 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу нәтижелерін өңдеу және ресімдеу	8
6.5 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың визуалды әдісі	8
7 Қысқа мерзімді есепке алу деректері бойынша қозғалыстың тәуліктік қарқындылығын анықтау	8
8 Қозғалыс қарқындылығын болжау әдістемесі	10
8.1 Жалпы ережелер	10
8.2 Бастапқы деректерді дайындау	12
8.3 Корреспонденттік пункттер арасындағы берілген қашықтықты анықтау	15
8.4 Жүк автокөлік құралдарының құрылымын болжау	18
8.5 Есептеу жүргізу реттілігі	19
8.6 Жүк және жолаушылар тасымалы көрсеткіштерін есептеу	21
8.7 Қозғалыс қарқындылығын болжаудың жеңілдетілген әдісі	23
А қосымшасы (ақпараттық) Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы қозғалыс қарқындылығын есепке алу пункттерінің тізбесі	25
Б қосымшасы (ақпараттық) Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы қозғалыс қарқындылығын есепке алудың ақылы пункттерінің тізбесі	69
В қосымшасы (міндетті) Ақпаратты ұсыну нысаны (айлық, тоқсандық, жылдық)	80
Г қосымшасы (ақпараттық) Перспективалық қозғалыс қарқындылығын есептеу мысалдары	81
Д қосымшасы (ақпараттық) Көлік құралдары детекторларының орналасу схемалары	86
Е қосымшасы (ақпараттық) Көлік ағынының еуропалық жіктемесі	87
Библеография	87

Кіріспе

Автомобиль жолдарындағы көлік ағынының қарқындылығын есепке алу және болжау көлік инфрақұрылымы мен қозғалысты басқару саласындағы маңызды аспектілер болып табылады. Автокөлік санының артуымен және заманауи магистральдардағы жол жағдайының күрделенуімен бұл тақырыптың өзектілігі ерекше маңызға ие. Қозғалыс қарқындылығын дұрыс есепке алу жолдардағы жағдайдың өзгеруіне жедел жауап беруге, кептелістің алдын алуға, сондай-ақ қауіпсіздікті арттыру және жол жүру уақытын азайту үшін көлік ағындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Осы ведомстволық ережел жинағы көлік ағындары қозғалысының қарқындылығын есепке алу және болжау әдістерін жетілдіру, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдалану тиімділігін арттыру үшін оларды қолданудың практикалық аспектілерін талдау мақсатында әзірленген.

1 Қолдану саласы

Осы ведомстволық ережелер жинағы Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы қозғалыс қарқындылығы мен көлік ағынының құрамын есепке алуды жүргізуге арналған. Құжат есеп пункттерін тағайындау, көлік қозғалысының қарқындылығын есепке алуды ұйымдастыру және болашақтағы қарқындылықты болжау жөніндегі ережелерді белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ведомстволық ережелер жинағын қолдану үшін келесі анықтамалық нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 32965-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Көлік ағыны қозғалысының қарқындылығын есепке алу әдістері.

ҚР ВН 3.1-001-2024 Автомобиль жолдары.

ВҚН 42-87 Автомобиль жолдарын жобалау үшін экономикалық іздестірулер жүргізу жөніндегі нұсқаулық.

ВҚН 42-91 Ведомстволық құрылыс нормалары. Автомобиль жолдары мен көпірлерді салуға және жөндеуге арналған материалдар шығынының нормалары.

Ескертпе - Осы ведомстволық ережелер жинағын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың тиісті мерзімдік шығарылатын ақпараттық көрсеткіштері бойынша анықтамалық стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме стандарты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме стандарты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта ҚР СТ 1053, ГОСТ 32965, [1], [2] бойынша терминдер қолданылады, сондай ақ тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Қозғалыстың жинақталған қарқындылығы: Жеңіл автомобильге қатысты көлік ағынының орташа жылдық, тәуліктік қарқындылығы.

3.2 Қозғалыстың есептік қарқындылығы: Жолды жобалау, қалпында ұстау және қозғалысты ұйымдастыру кезінде техникалық және экономикалық есепте қолданылатын орташа жылдық, тәуліктік қарқындылық немесе берілген сағаттың қарқындылығы.

3.3 Қозғалыстың болашақтағы қарқындылығы: Жолдың жобаланған болашақ кезеңінің аяғына қарай күтілетін қозғалыс қарқындылығы.

3.4 Жолдың техникалық санаты: Жолдың негізгі геометриялық элементтерінің параметрлерін, оның көліктік-пайдалану көрсеткіштерін және тұтыну қасиеттерін айқындайтын көлік құралдары қозғалысының перспективалық орташа жылдық орташа тәуліктік қарқындылығының шамасы бойынша ұлттық шаруашылық маңызы бар автомобиль жолының сипаттамасы.

3.5 Әртүрлі көлік құралдарының келтірілген қозғалыс қарқындылығының жеңіл автомобильге қатысты коэффициенті: Бір жүк автомобилі немесе автопойызы өткен уақытта жол бойымен қанша жеңіл автомобильдің өтуі мүмкін екендігін сипаттайтын қозғалыс қарқындылығын арттыру коэффициенті.

3.6 Жолдың жабдықталуы: Жол қозғалысын ұйымдастыру құралдарының жиынтығы: жол белгілері, таңбалар, қоршаулар, бағдаршамдар.

3.7 Автомобиль қозғалысының жолды қамтамасыз ететін жылдамдығы: Жеңіл автомобильдің еркін қозғалыста барынша мүмкін және қауыпсіз жылдамдығы, бұл жылдамдыққа жолдың геометриялық көрсеткіштері, көлік-пайдалану сипаттамалары және жағдайы кезінде қол жеткізуге болады. 85 % қамтамасыз етілген жеңіл автомобильдердің жылдамдығы ретінде немесе 95 % қамтамасыз етілген көлік ағынының жылдамдығы ретінде анықталады.

3.8 Елді мекендерді байланыстыратын автомобиль жолдарының ұзындығы: Тиісті елді мекендердің шекара арасындағы арақашықтығы.

Ескерту – Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының километрін есептеу:

- Қазақстан Республикасының астанасынан шығатын автомобиль жолдары үшін - Қазақстан Республикасы Парламентінің ғимаратынан басталады;

- Өзге елді мекендерден шығатын автомобиль жолдары үшін - жергілікті атқарушы органдардың ғимаратынан, олар болмаған жағдайда - елді мекеннің шекарасынан басталады.

3.9 Өзара басқа автомобиль жолдарын байланыстыратын және оларға қабысып жатқан автомобиль жолдарының ұзындығы: Байланысып тұрған автомобиль жолдарының ось қиылыстарының арасындағы арақашықтық.

3.10 Жолдың ең жоғарғы өткізу қабілеттілігі: Тамаша жол жағдайында бірлік уақытында жолдың бір бөлігінің немесе жалпы жолдың өткізе алатын ең жоғарғы автомобильдер саны.

3.11 Есептік жылдамдық: Ауа-райының қалыпты жағдайы кезінде қауіпсіздік, жайлылық және жабдықталу жағдайлары бойынша анағұрлым мүмкін және автомобиль жылдамдығы және автомобиль дөңгелектерінің елді мекен учаскелерін жобалауға анағұрлым жағымсыз автомобиль жолдарының геометриялық элементтерін есептеу үшін қолданылатын өтпелі бөліктің бетімен үйкелуі.

3.12 Көлік ағыны қозғалысының жылдамдығы: Көлік ағыны қозғалысындағы жеке көлік құралдарының өзара әрекеттері есепке алынатын жылдамдық.

3.13 Жолдардың техникалық-пайдалану сапалары мен сипаттамалары: Жолдың жұмысқа қабілеттілігін анықтайтын жол сипаттамалары мен оның инженерлік ғимаратының пайдалану үдерісіндегі сенімділігі.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың мақсаты жаңа автомобиль жолдарын салу, қолданыстағы автомобиль жолдарын жөндеу және реконструкциялау кезінде пайдалану үшін жолдардағы көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығы мен құрамы туралы объективті деректер алу болып табылады.

4.2 Жолдардағы көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамын есепке алу әр түрлі жүк көтергіштікке ие автомобильдер санын және екі бағытта да жолдармен өтетін осьтер санын есептеуден (көзбен немесе автоматты есептегіштердің көмегімен) тұрады.

4.3 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу тәулік бойы немесе қысқа мерзімді болуы мүмкін. Ол белгілі бір есептік пункттерде тәуліктің алдын ала белгіленген күндері мен сағаттарында жүргізіледі. Деректердің барынша сенімділігін қамтамасыз ету және автомобиль жолының ұзындығы бойынша да, оны пайдалану жылдары бойынша да қозғалыс қарқындылығының өзгеру сипатын белгілеу мақсатында есепке алу қозғалыс қарқындылығының елеулі өзгеру орындарында ұйымдастырылады (көршілес экономикалық аралықтардағы қозғалыс қарқындылығының айырмашылығы 20 %-дан асқан кезде).

4.4 Автомобиль жолдарындағы қозғалыс қарқындылығын есепке алуды тоқсанына кемінде бір рет – аптаның үш жұмыс күнінің бірінде (сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі) жүргізу қажет. Мереке, мереке алдындағы, демалыс күндері және қоғамдық іс-шаралар мен оқиғалар өтетін күндерде қозғалыс қарқындылығын есепке алуды жүргізу ұсынылмайды.

4.5 Есепке алу пункті - автомобиль жолының осы қимасы арқылы өтетін көлік құралдарының есебі жүргізілетін орын. Жабдыққа байланысты есепке алу пункттері визуалды және автоматты есепке алу пункттеріне бөлінеді.

4.5.1 Қозғалысты есепке алудың автоматтандырылған пункттері (бұдан әрі - есепке алу пункттері) республикалық және халықаралық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жыл бойы қозғалыстың қарқындылығы мен құрамын тәулік бойы есепке алуды қамтамасыз етеді. Есепке алу пункттері стационарлық немесе жылжымалы болуы мүмкін.

4.5.1.1 Қозғалысты есепке алудың жылжымалы пункттері автомобиль жолдарындағы қозғалыстың қарқындылығы мен құрамы туралы деректерді қысқа мерзімде жинау (жедел-талдау) үшін қозғалысты автоматтандырылған есепке алудың тұрақты жұмыс істейтін пункттері болмаған кезде қозғалысты есепке алудың стационарлық пункттерінің жұмысына мониторинг жүргізу; қозғалысты есепке алудың стационарлық пункттерінің орналасқан жерін нақтылау жөнінде ұсынымдар әзірлеу; көпірлер, тоннельдер, жол өтпелері секілді жол учаскелерінде, сондай-ақ қарқындылығы күрт өзгерген жерлерде қозғалыс қарқындылығын бақылау талаптарын орындау мақсатында қолданылады.

4.5.1.2 Қозғалысты есепке алудың жылжымалы пункті, әдетте, көлік құралында орналасқан қозғалысты автоматтандырылған есепке алудың портативті құралы болып табылады, бұл автомобиль жолдарының әртүрлі учаскелерінде қозғалысты автоматтандырылған есепке алуды жүргізуге мүмкіндік береді. Қозғалысты есепке алудың жылжымалы пункттерін бөлінген алқапта немесе жол жиегінде орналастыру ұсынылады.

4.6 Есепке алу пункттерін тағайындау кезінде аймақтың экономикалық ерекшеліктерін, жолдың тартылыс аймағында өндіргіш күштердің орналасуын есепке ала отырып, жолдар желісінің сызбасын басшылыққа алу қажет:

- үлкен жүк ағындарын (элеваторлар, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ірі карьерлер, шахталар, орман игерулері және т. б.) беретін ең ірі жүк құраушы пункттердің орналасуы;
- темір жол станцияларына, айлақтарға кіреберістер, ең маңызды жергілікті жолдардың қиылыстары мен түйісулері;
- елеулі жолаушылар тасымалын беретін шипажайларды, курорттарды, туристік базаларды, саяжай қоныстарының орналасуы.

4.7 Әдетте, есепке алу пункттерін қалаларға, ірі елді мекендерге, аудан орталықтарына кіре берістерде (елді мекен шекарасынан кемінде 0,5 км қашықтықта), көліктің едәуір ағынын қалыптастыратын жолдардың қиылыстары мен түйісулерінде орналастыру керек.

4.8 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу пункттері:

- ақы алу пункттерінде (автомобиль жолдарының ақылы учаскелері);
- көлік құралдарын өлшеу бойынша бақылау аркалары орналасқан жерлерде орналастырылады.

4.8.1 Автомобиль жолдарын (учаскелерін) ақылы негізде пайдалану туралы шешімдер мыналарға қатысты қабылдануы мүмкін:

1) автомобиль көлігінің барлық түрлері үшін I техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (учаскелеріне);

2) автомобиль көлігінің барлық түрлері үшін немесе тек қана жүк автомобиль көлігі үшін II техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (учаскелеріне);

3) жүк автокөлігі үшін III техникалық санаттағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына (учаскелеріне);

4) Астана мен республикалық маңызы бар қалалардың көшелеріне [2].

4.8.2 Автомобиль жолын ақылы негізде пайдалану туралы шешімде мыналар көрсетілуі қажет:

1) басқа қолданыстағы баламалы жолмен жүру мүмкіндігі бар бастапқы және соңғы пункттер;

2) басқа автомобиль жолдарымен қиылысу және басқа автомобиль жолдарымен түйісу тізбесі;

3) техникалық жіктелуі және негізгі параметрлері;

4) ұзындығы;

5) жол жүру ақысының мөлшерлемесі;

6) басқа автомобиль жолымен өтудің баламасы жоқ іргелес елді мекендердің тізбесі;

7) ақылы негізде пайдалану мерзімі [2].

4.8.3 Автомобиль жолын ақылы негізде пайдалану туралы шешім ол қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануы тиіс [2].

4.8.4 Автомобиль жолын (учаскесін) ақылы пайдалануды тоқтату және тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы шешімде көрсетілген мерзімнің өтуі;

2) әскери немесе төтенше жағдай кезінде, сондай-ақ экологиялық, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған жағдайларда белгілі бір мерзімге;

3) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап қабылдайды [2].

4.9 Автомобиль жолдарының қызмет көрсетілетін желісіндегі есепке алу пункттерінің орналасқан жері мен саны жолдарды күтіп-ұстау жөніндегі өкілеттігі бар жоғары тұрған ұйыммен келісілуі тиіс. Әрбір есепке алу пунктіне шифр беріледі. Есепке алу пункттерінің шифрлары және олардың қызмет көрсетілетін жолдар желісінде орналасу схемасы бар жолдардың титулдық тізімі жасалады. Қажет болса, схеманы түзетуге болады.

4.10 Есепке алу пункттері тірек және қысқа мерзімді бақылау пункттеріне бөлінеді. Тірек пункттерінің деректері қызмет көрсетілетін жолдар желісінің учаскелеріндегі қозғалыс қарқындылығы мен құрамының өзгеруінің жалпы заңдылықтарын сипаттайды. Оларға есеп тәулік бойы көзбен немесе автоматты есептегіштердің көмегімен жүргізіледі. Қысқа мерзімді бақылаулардың деректері қызмет көрсетілетін жолдар желісіндегі қозғалыс қарқындылығының өзгеруінің жалпы көрінісін толықтырады. Қысқа мерзімді бақылау пункттерінде есепке алу 8 сағат бойы (9 сағаттан 17 сағатқа дейін) жүргізіледі. Белгіленген тәуелділіктерді пайдалана отырып, қысқа мерзімді бақылаулардың нәтижелері бойынша қозғалыстың тәуліктік қарқындылығы айқындалады.

4.11 Мемлекеттік уәкілетті орган және/немесе оның жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды күтіп-ұстау, басқару және дамыту жөніндегі өңірлік бөлімшелері ГОСТ 32965 3.8-тармағына сәйкес қозғалыс қарқындылығын есепке алу пункттерінің тізілімін қалыптастырады.

4.12 Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы есепке алу пункттерінің тізбесі А қосымшасында келтірілген.

4.13 Көлік құралдарын өлшеу бойынша бақылау аркаларын орнату орындарындағы ақылы есепке алу пункттерінің тізбесі Б қосымшасында келтірілген.

4.14 Қазақстан Республикасында көлік құралдарының жіктелуі 1-қосымшаға [3] сәйкес айқындалатын санаттарға негізделеді, 1.1-тармақта көлік құралдарының санаттар бойынша жіктелуі [1] келтірілген.

4.15 Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының автомобиль жолдарымен жүруіне Кеден одағына мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген арнайы рұқсаттар [1] болған кезде ғана жол беріледі.

5 Көлік қозғалысын есепке алуды ұйымдастыру

5.1 Автомобиль жолдарында көлік құралдарының қозғалысын есепке алуды ұйымдастыруды, қамтамасыз етуді және оған басшылықты мемлекеттік уәкілетті орган және/немесе оның жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды күтіп-ұстау, басқару және дамыту жөніндегі өңірлік бөлімшесі жүзеге асырады, олар:

- есепке алу пункттерде есепке алудың уақтылы жүргізілуіне және бастапқы және есептік құжаттардың дұрыс ресімделуіне ай сайынғы бақылауды, сондай-ақ оларды жоғары тұрған ұйымға уақтылы ұсынуды жүзеге асыру;

- автоматты есепке алу есептегіштерінің жұмыс жағдайын және оларды орнатуды бақылауды қамтамасыз етеді;

- қозғалыс қарқындылығы мен құрамын тікелей есепке алуға жауапты қызметкерлерді оқытады және нұсқама береді;

5.2 Есепке алу пункттерінің орналасқан жері мен санын автомобиль жолдарын пайдалануды немесе оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың ұсыныстары бойынша автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган айқындайды.

5.3 Есепке алу пункттерінің орналасқан жерлері қажет болған жағдайда түзетілуі мүмкін, бірақ жылына бір реттен жиі емес.

6 Есепке алу әдістері және қозғалыс қарқындылығын бағдарламалық қамтамасыз ету

6.1 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың автоматтандырылған әдісі

6.1.1 Автоматтандырылған аспапты қолдануға негізделген Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу келесілерді қамтамасыз етеді:

- автожол санатының жіктемесін анықтау;
- көлік құралдарын типі, жүк көтергіштігі және осьтер саны бойынша сәйкестендіру және жіктеу;

- уақыт бірлігінде бақылау нүктесінен өткен көлік құралдарының санын белгілеу.

6.1.2 Әдіс жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында көлік құралдарының белгіленген типтерін есепке алуды автоматтандырылған режимде орындауға мүмкіндік беретін техникалық құралдарды қолдануға негізделген.

6.1.3 Қозғалыс қарқындылығы мен құрамын есепке алу пункттері автомобиль жолының учаскесі арқылы көлік құралдарының өтуін бақылаудың әртүрлі әдістеріне негізделген аспаптармен жабдықталады (Д қосымшасы).

Бақылау әдісіне байланысты қозғалысты есепке алу құралдары мен көлік құралдарының детекторлары автомобиль жолының әртүрлі жерлеріне орналастырылуы мүмкін. Детекторлардың орналасуы олардың типімен анықталады.

Радиолокациялық, инфрақызыл және басқа да сәулелік датчиктер, сондай-ақ бейнежазбаларды тануға негізделген құрылғылар жолдың жүру бөлігінің бетінен кемінде 5 м биіктікте немесе П-, Т-, Г-тәрізді тіректерде немесе жасанды жарықтандыру дінгектерінде жол жиегінен жоғары орнатылады, әртүрлі типтегі индуктивті датчиктер әр жолақтың астында тікелей жол төсеміне немесе жер төсеміне орнатылады.

6.2 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу аспаптарына қойылатын талаптар

6.2.1 Тұрақтылық, сенімділік, конструкция, қауіпсіздік және пайдалану бойынша қозғалысты есепке алу аспаптарына қойылатын талаптар аспаптардың осы түріне қойылатын техникалық талаптар мен ұлттық стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Өлшеу қателігі көлік құралдарының жалпы санын анықтау кезінде 5 %-дан аспауы және қозғалыс құрамын анықтау кезінде 10 %-дан аспауы тиіс.

6.2.2 Қозғалысты есепке алу аспаптары және олардың құрамдас бөліктері, кабель қосқыштары, сондай-ақ алынбалы жабдық дұрыс коммутацияны қамтамасыз ету үшін таңбалануы тиіс.

6.2.3 Қозғалысты есепке алу құралы антивандалды IP65 кластағы шаң мен шашыраудан қорғайтын корпуста орнатылуы және келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- техникалық құралды бөлшектемей қуат элементтерін ауыстыру;
- нақты уақыт режимінде жол қозғалысын жедел бақылау және құралды диагностикалау үшін заманауи коммуникация құралдарын қосу мүмкіндігі.

6.2.4 Деректерді беру жүйесі қалыптасқан ірі деректерді өткізу үшін қажетті арна енін қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.5 Қозғалысты есепке алу аспаптары ақпаратты қабылдау және түрлендіру үшін арнайы бағдарламалық жасақтамамен жабдыкталады.

Арнайы бағдарламалық жасақтама қозғалыс қарқындылығының сағаттық есебін жүргізуге және көлік ағынын қажетті қозғалыс құрамына бөлуге, сондай-ақ қозғалыс қарқындылығы мен құрамының бастапқы деректерін қалыптастыруға, сақтауға және беруге мүмкіндік береді.

6.2.6 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың автоматтандырылған әдісінде қолданылатын техникалық құралдар қозғалыс қарқындылығын есепке алудың бірыңғай жүйесіне біріктіріледі. Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың бірыңғай жүйесінің құрамы ГОСТ 3269 54.1.2.1-тармағында айқындалған.

6.2.7 Көлік трафигін есепке алудың стационарлық пункттеріне қойылатын техникалық талаптар, оның ішінде электрмен жабдықтау параметрлері, сымды және сымсыз деректерді беру мүмкіндіктері, кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманың болуы, жұмыс қабілеттілігін қашықтықтан бақылау функциялары және диагностика жүргізу кезінде жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз ету ГОСТ 32965 4.1.2.2-тармағында белгіленген.

6.2.8 Көлік құралдарының детекторлары көлік құралдарын анықтауға және жол желісінің бақыланатын аймақтарында қозғалыс сипаттамаларын анықтауға қызмет етеді. Техникалық-пайдалану сипаттамалары бойынша көлік құралдарының детекторлары ГОСТ 32965 4.1.2.3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі керек.

6.2.9 Қозғалысты есепке алу аспаптары көлік ағынын автоматты режимде кемінде сегіз жолақта бөліп, жүк көтергіштігін ескере отырып, көлік құралдарының мынадай түрлерін тануы тиіс:

- жеңіл автомобильдер;
- жүк көтергіштігі 5 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері;
- жүк көтергіштігі 5 тоннадан 12 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері мен автопойыздар;

- жүк көтергіштігі 12 тоннадан 20 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері мен автопойыздар;
- жүк көтергіштігі 20 тоннадан асатын автопойыздар;
- автобустар.

Көлік ағынының құрамы бойынша ұсынылатын жіктелуі еуропалық ұсынымдармен (Е қосымшасы) үйлестіріледі және осы құжаттың 7-бөлімінде көрсетілген міндеттердің көпшілігін шешуге мүмкіндік береді.

Жол төсемдерінің беріктігін жобалауға және бағалауға байланысты міндеттерді шешу үшін қозғалыс ағынын EUR 13 бөлетін, қозғалыс қарқындылығы мен құрамын, сондай-ақ осьтердің санын, жүк автомобильдері мен автопойыздардың жүк көтергіштігін анықтайтын қозғалысты есепке алу құралдарын пайдалану ұсынылады.

Көлік ағынын көлік құралдарының әртүрлі санына жіктеудің әртүрлі схемалары бойынша алынған қозғалыс қарқындылығының деректерін талдау және салыстыру қажет болған жағдайда көлік ағынын жеңіл автомобильдерге, жүк автомобильдеріне және автопойыздарға, автобустарға бөлу ұсынылады.

6.2.10 Тіркеу құрылғысы ГОСТ 32965 4.1.2.4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.2.11 Ақпарат жинақтағыштар ГОСТ 32965 4.1.2.5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

6.2.12 Стационарлық есепке алу пункттерінде деректерді беруге арналған жабдық бастапқы деректерді GIS цифрлық платформаларына, сондай-ақ Жол желісінің цифрлық картасын (ЖЖЦК) және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, өзге де мемлекеттік ақпараттық жүйелерге біріктіру мүмкіндігімен тәулігіне кемінде бір рет ақпарат жинау орталығына автоматты түрде түсуді қамтамасыз етуге тиіс.

6.2.13 Мамандандырылған бағдарламалық жасақтама ГОСТ 32965 4.1.2.7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.2.14 Деректердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін жабдық тексеруден өтуі тиіс:

- жылына кемінде бір рет;
- профилактикалық немесе жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін;
- нәтижелерді салыстыру үшін қозғалыс қарқындылығын визуалды есепке алу әдісін қолдану арқылы.

6.3 Көлік ағындарын модельдеу және болжау

6.3.1 Көлік ағындарын модельдеу және болжау үшін деректерді талдау және болжамдардың дәлдігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында сертификаттаудан өткен және қолдануға рұқсат етілген мамандандырылған бағдарламалық өнімдерді пайдалану қажет.

6.3.2 Қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық жасақтама бухгалтерлік есеп жүйелерімен, GIS көздерімен біріктірілу мүмкіндігін қамтамасыз етуі, деректерді импорттауды (мысалы, OpenStreetMap-тан) қолдауы керек, сондай-ақ қолданыстағы көлік ағындарын модельдеу, аналитикалық зерттеулер жүргізу, әлеуметтік-экономикалық факторларды есепке алу және көлік схемаларындағы өзгерістер секілді бірқатар функцияларды қамтуы керек. Бұл жағдайда бағдарламалық жасақтама келесі негізгі сипаттамалардың бір бөлігіне немесе жиынтығына ие болуы керек:

- көліктің барлық түрлерін, олардың өзара әрекеттесуін және жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, нақты көлік жағдайын көрсету;
- қозғалыс параметрлерін, қашықтықты, сигналдар мен маневрлерге реакцияны ескере отырып, әрбір жеке көлік құралының мінез-құлқын модельдеу;

ҚР ВЕЖ 7.1-001-2025

- алдын ала модельдеу нәтижелерін графикалық түрде кең баптау мүмкіндіктерімен көрсете отырып, қолданыстағы көлік инфрақұрылымының өткізу қабілетін арттыруға арналған шешімдерді модельдеу;

- дискретті оқиға/агент немесе көп тәсілді имитациялық модельдеу арқылы құру;

- мультимодальды көлік желілерін модельдеу, желілердің өткізу қабілетін оңтайландыру үшін көлік операцияларын егжей-тегжейлі модельдеу, жаңа инфрақұрылымдық жобалар, көлік жүйелері, ақы алу және көлікке инвестициялар стратегиялары;

- сұраныстық көлік модельдерін құру (генерация, тарату, модальды таңдау, желі бойынша тарату), жолдардағы ағынды модельдеу;

- қолданыстағы және жобаланған жол желісі бойынша қозғалыс көлемін болжау, жаңа көлік магистралін салу кезінде көліктік даму сценарийлерін салыстыру немесе қозғалыс сызбасын өзгерту;

- көлік инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді стратегияларын әзірлеу;

- жаңа жолдар мен жол айырықтарының ортақ көлік желісіне әсерін талдау;

- шектеулерді, ақылы жолдарды енгізу, көшелерді жабу, қоғамдық көлікті енгізу салдарын талдау.

6.4 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу нәтижелерін өңдеу және ресімдеу

6.4.1 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу нәтижелерін өңдеу және ресімдеу ГОСТ 32965 4.1.5-тармағында көрсетілген.

6.5 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың визуалды әдісі

6.5.1 Қозғалыс қарқындылығын есепке алудың визуалды әдісі ГОСТ 32965 4.2-тармағына сәйкес орындалуы тиіс.

7 Қысқа мерзімді есепке алу деректері бойынша қозғалыстың тәуліктік қарқындылығын анықтау

7.1 Қысқа мерзімді байқау есепке алу пункттерінде есепке алу сағат 9⁰⁰-ден 17⁰⁰-ге дейін сегіз сағат бойы жүргізіледі. Қажет болған жағдайда есепке алу сағат 9⁰⁰ - 12⁰⁰ немесе 15⁰⁰-18⁰⁰ аралығында «шың» сағаттарында жүргізілуі мүмкін.

7.2 Қысқа мерзімді есепке алу нәтижелері бойынша (1) формула бойынша эмпирикалық тәуелділіктер бойынша қозғалыстың тәуліктік қарқындылығын есептеуге болады:

Тәуліктік қозғалыс қарқындылығы <1000 авт./тәул. болғанда.

$$N_{\text{тәул.}} = 1,768 * N_{9-17} + 152,3 \quad (1)$$

Тәуліктік қозғалыс қарқындылығы $1000 < N < 3000$ авт./тәул. болғанда (2-4) формулалар бойынша

$$N_{\text{тәул.}} = 1,672 * N_{9-17} + 371,1 \quad (2)$$

$$N_{\text{тәул.}} = 5,3446 * N_{9-12} + 217,27 \quad (3)$$

$$N_{\text{тәул.}} = 4,2962 * N_{15-18} + 356,52 \quad (4)$$

Тәуліктік қозғалыс қарқындылығы $3000 < N < 7000$ авт./тәулік болғанда (5-7) формулалар бойынша

$$N_{тәу.} = 1,9085 * N_{9-17} + 146,61 \quad (5)$$

$$N_{тәу.} = 5,3446 * N_{9-12} + 217,27 \quad (6)$$

$$N_{тәу.} = 4,2962 * N_{15-18} + 356,52 \quad (7)$$

Тәуліктік қозғалыс қарқындылығы 7000 авт./тәул.тен жоғары болғанда (8-10) формулалар бойынша

$$N_{тәу.} = 1,97 * N_{9-17} + 299,9 \quad (8)$$

$$N_{тәу.} = 5,046 * N_{9-12} + 1040 \quad (9)$$

$$N_{тәу.} = 5,401 * N_{15-18} + 136,1 \quad (10)$$

7.3 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу мәліметтері бойынша әр тоқсан және жыл үшін орташа мән анықталады.

7.4 Облыстық жол кәсіпорындары жалпы облыс жолдарындағы қозғалыс қарқындылығы туралы деректерді жинақтайды және оларды бірінші басшының және жауапты орындаушының қолымен әр тоқсанның екінші онкүндігінде жоғары тұрған ұйымға ұсынады. Ақпаратты ұсыну нысаны В қосымшасында берілген.

7.5 Егер қозғалыс қарқындылығын есепке алу тұрақты жүргізілмеген жағдайда, қозғалыстың орташа жылдық қарқындылығын 1-кестеде көрсетілген тиісті маусымдық коэффициентке қандай да бір айдағы қозғалыс қарқындылығын көбейту жолымен анықтауға жол беріледі. Мұндай есептеулер индикативті болып табылады, сондықтан есеп беру құжаттарында есепке алудың қай айында қозғалыс қарқындылығы есептелгенін көрсету қажет.

1-кесте - Жыл айлары және маусымдық коэффициенттердің мәндері

Айлар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Маусымдық коэффициенттер	0,85	1,02	1,12	1,08	0,95	1,04	1,11	1,13	1,09	0,97	0,90	0,74

7.6 Қозғалыс қарқындылығын есепке алу жол төсемелерінің конструкциясын есептеу кезінде, сондай-ақ автомобиль жолдарын реконструкциялау немесе оңалту бойынша жобалық шешімдер қабылдау кезінде қажет.

7.7 Автомобиль жолдары физикалық бірліктерде көрсетілген көлік құралдары қозғалысының есептік қарқындылығына байланысты барлық ұзақтықта немесе жекелеген учаскелерде авт/тәулік немесе жеңіл автомобильдердің шартты санына келтірілген, бірлік/тәулік бірліктерінде ҚР ВН 3.1-001 1-кестесіне сәйкес санаттарға бөлінеді.

7.8 Қысқа мерзімді есепке алу деректері бойынша анықталған тәуліктік қозғалыс қарқындылығының нәтижелері [4] құжатына сәйкес қаржыландыру нормативтеріне қолданылуы мүмкін.

8 Қозғалыс қарқындылығын болжау әдістемесі

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы қолданыстағы қозғалыс қарқындылығын есептеу және болжау әдістемесі қарастырылып отырған аумақтағы екі корреспондент елді мекендер арасында сапарлар жасайтын, олардың арасындағы қатынастар маңызды болып табылатын автокөлік құралдарының ықтимал санын анықтаудан тұрады. Бұл ретте қозғалыс қарқындылығын болжау қарастырылып отырған аумақтың автомобиль жолдарының тиісті желісінде автокөлік құралдарының қолда бар немесе перспективалы паркінің ағындарын қалыптастыруға дейін азаяды.

8.1.2 Болжау нормативтік сараланған жөндеуаралық мерзімдерге сәйкес есепті кезеңге жүзеге асырылады, олар мыналарды құрайды:

- 14 жылдан 20 жылға дейінгі күрделі типті жамылғы үшін - I санаттағы жолдар үшін;
- 15 жылдан 20 жылға дейінгі күрделі типті жамылғы үшін - II санаттағы жолдар үшін;
- 14 жылдан 20 жылға дейінгі күрделі типті жамылғы үшін - III санаттағы жолдар үшін;
- 11 жылдан 16 жылға дейінгі жеңіл типті жамылғы үшін - III санаттағы жолдар үшін;
- 9 жылдан 14 жылға дейінгі жеңіл типті жамылғы үшін - IV санаттағы жолдар үшін;
- 6 жылдан 10 жылға дейінгі ауыспалы типті жамылғы үшін - IV санаттағы жолдар үшін;
- 6 жылдан 8 жылға дейінгі ауыспалы типті жамылғы үшін - V санаттағы жолдар үшін.

8.1.3 Екі корреспондент елдімекен арасындағы қозғалыс қарқындылығын есептеу кезінде олардың арасындағы ең қысқа қашықтық қатынас уақыты мен жайлылығын ескере отырып белгіленеді.

Осыған байланысты есептеулерде автомобиль жолдары учаскелерінің келтірілген ұзындығы пайдаланылады. Жол учаскелерінің ұзындығын келтіру коэффициенті қарастырылып отырған учаскедегі қозғалыс жылдамдығының эталонды қозғалыс шарттарындағы қозғалыс жылдамдығына қатынасы ретінде белгіленеді.

Автомобиль жолдары учаскелерінің ұзындығын келтіру коэффициентін айқындау кезінде эталондық шарттар ретінде бөлу жолағымен I санаттағы жол бойынша қозғалыс қабылданды.

8.1.4 Қозғалыс қарқындылығын болжау кезінде корреспонденттік пункттердегі халық санының сомасы пайдаланылады. Корреспонденттік пункттердегі халықтың жиынтық саны тең, бірақ оның арақатынасы әртүрлі болған кезде, мысалы (300 мың тұрғын + 300 мың тұрғын және 590 мың тұрғын + 10 мың тұрғын), қозғалыс қарқындылығы әр түрлі болады. Сондықтан қозғалыс қарқындылығын екі корреспондент елді мекендердегі халықтың жиынтық саны бойынша есептеу керек, олар аз елді мекендердегі халық саны бойынша және олардағы халық санының арақатынасы бойынша анықталады.

8.1.5 Қозғалыс қарқындылығы басқа тең жағдайларда, әкімшілік маңыздылығына және корреспондент елді мекендердің бағыныстылығына, яғни олардың көліктік байланысының деңгейіне байланысты.

Осы факторларды ескеру үшін елді мекендерді келесі топтарға бөлу ұсынылады:

- 1 - облыс орталықтары және облыстық бағынысты қалалар;
- 2 - аудан орталықтары және аудандық бағынысты қалалар;
- 3 - басқа қалалар, қалалық үлгідегі ауылдар;
- 4 - басқа елді мекендер.

8.1.6 Жобаларды әзірлеу кезінде қаралатын аумақ Қазақстан Республикасының аумағын және көршілес мемлекеттердің аумақтарын шекаралас облыс орталықтарының немесе қарау аймағы шекара маңы облыс орталықтарының қарау аймағын жабатын ірі

қалалардың халық санымен айқындалатын ауқымдылығына енгізуге тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында 1-2 топтағы елді мекендер, ал көршілес мемлекеттердің аумағында - 1 топтың және халық саны 50 мың тұрғыннан асатын өзге де қалалар есепке алынуға жатады.

8.1.7 Жобаларды әзірлеу кезінде қаралатын аумақ зерттелетін өңірдің аумағын және көрші өңірлердің аумақтарын облыс орталықтарының халық саны бойынша айқындалатын ауқымдылыққа, ал шекара маңы өңірлері қаралған жағдайда - көрші мемлекеттерді қамтуы тиіс. Бұл ретте зерттелетін өңірдің аумағында 1-3 топтағы елді мекендер, ал көршілес өңірлер мен мемлекеттердің аумағында - 1-2 топтағы елді мекендер және халық саны 10 мыңнан асатын өзге де қалалар есепке алынуға жатады.

8.1.8 Жобаларды әзірлеу кезінде қаралатын аумақ зерттелетін субъектінің аумағын және ҚР көршілес субъектілерінің аумағын, ал шекара маңындағы орналасуын қараған жағдайда және көрші мемлекеттердің аумағын облыс орталығының халық саны бойынша айқындалатын ауқымдылыққа енгізуге тиіс. Бұл ретте зерттелетін субъектінің аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарға шығатын барлық елді мекендер, көршілес субъектілер мен мемлекеттердің аумағында - 1-2 топ және халық саны 4 мың тұрғыннан асатын өзге де қалалар есепке алынуға жатады.

8.1.9 Жекелеген жолды дамытуға инвестицияларды негіздеу кезінде қаралып отырған аумақ Қазақстан Республикасының осы жолмен қызмет көрсетілетін аумағын, ал сыртқы автокөлік байланыстарын қамтамасыз ететін объектілер үшін көрші мемлекеттердің аумақтарын қамтуы тиіс. Қызмет көрсетілетін аумақтың ені қарастырылып отырған жолдан әр бағытта 100 км-ге дейін, ал осы аймақта параллель жолдар болмаған кезде ең жақын параллель жолдарға дейін, бірақ 500 км-ден аспайтын етіп қабылдау керек. Жолға іргелес аумақта барлық елді мекендерді, ал жолдан алыстаған сайын - тек жоғары дәрежелі елді мекендерді ескеру қажет.

Автомобиль жолының нақты учаскесіндегі қозғалыс қарқындылығы елді мекендердің барлық жұптары арасында есептелген қозғалыс қарқындылығын жинақтау арқылы қалыптасады, олардың арасындағы байланыс осы учаскені пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

8.1.10 Автокөлік ағындарын қалыптастыруды типтері бойынша жеңіл автомобильдерге, автобустарға және жүк автокөлік құралдарына бөле отырып орындау керек.

8.1.11 Қаралып отырған корреспонденттік пункттер жұбы арасындағы қозғалыс қарқындылығы (11) формула бойынша айқындалады:

$$N_{ij} = \frac{P_p \cdot K_c \cdot Q_l \cdot V_l \cdot t_l \cdot K_l}{1000 \cdot L_{pp}^2} + \frac{P_p \cdot K_c \cdot Q_a \cdot V_a \cdot t_a \cdot K_a}{1000 \cdot L_{pp}^2} + \frac{P_p \cdot K_c \cdot Q_r \cdot V_r \cdot t_r \cdot K_r}{1000 \cdot L_{pp}^\alpha} \quad (11)$$

мұнда N_{ij} - i -ші және j -ші елдімекендер арасындағы қозғалыстың күтілетін орташа жылдық тәуліктік қарқындылығы, авт./тәул.;

P_p - i -ші және j -ші елдімекендердегі халықтың жиынтық келтірілген саны, тұрғын;

K_c - әкімшілік маңыздылығы мен бағыныстылығына қарай айқындалатын i -ші және j -ші елдімекендердің байланыстылық коэффициенті;

Q_l - аумақты жеңіл автомобильдермен қанықтырудың қазіргі немесе перспективалық деңгейі, авт./1000 тұрғын;

V_l - эталондық жағдайларда жеңіл автомобильдер қозғалысының орташа жылдамдығы 83 км/сағ. тең деп қабылданады;

t_l - тәулік ішіндегі жеңіл автомобильдердің орташа жұмыс ұзақтығы, сағ./тәулік;

K_l - жеңіл автомобильдерді пайдалануды сипаттайтын коэффициент;

L_{pp} - i -ші және j -ші елдімекендер арасындағы келтірілген арақашықтық, км;

Qa - аумақты автобустармен қанықтырудың қазіргі немесе перспективалық деңгейі, авт./1000 тұрғын;

Va - эталондық жағдайларда автобустардың қозғалысының орташа жылдамдығы 60 км/сағ. тең деп қабылданады; та - автобустардың тәулік ішіндегі орташа жұмыс ұзақтығы, сағ./тәулік;

Ka - автобустарды пайдалануды сипаттайтын коэффициент;

Qг - аумақты жүк автокөлік құралдарымен қанықтырудың қазіргі немесе перспективалық деңгейі, авт./1000 тұрғын;

Vг - эталондық жағдайларда жүк автокөлік құралдарының қозғалысының орташа жылдамдығы 75 км/сағ. тең деп қабылданады;

тг - жүк автокөлік құралдарының тәулік ішіндегі орташа жұмыс ұзақтығы, сағ./тәулік;

г - жүк автокөлік құралдарын пайдалануды сипаттайтын коэффициент;

α - жүк автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есептеу кезінде пайдаланылатын дәреже көрсеткіші.

8.1.12 Автомобиль жолдары желісінің учаскелеріндегі қозғалыс қарқындылығы мен жылдамдығы корреспондент елді мекендердің барлық жұптары арасында күтілетін қарқындылықтың бірнеше итерациялық есептеулерін орындау нәтижесінде белгіленеді. Автомобиль жолдары желісінің әрбір учаскесі үшін есептеулер жүргізілгеннен кейін осы жол жағдайларында есептелген қарқындылық ағыны болуы тиіс жылдамдықты анықтайды және оны итерациялық есептеудің ағымдағы қадамында қабылданған жылдамдықпен салыстырады. Егер бұл қозғалыс жылдамдығы 1 км/сағ.-тан асатын болса, осы учаске үшін қозғалыс жылдамдығы мен оның келтірілген ұзындығы қайта қаралады. Автомобиль жолдары желісінің барлық учаскелерін қарастырғаннан кейін есептеу қайталанады.

Итерациялық есептеулер автомобиль жолдары желісінің кем дегенде бір учаскесінде берілген итерация қадамындағы қозғалыс қарқындылығын есептеу кезінде қабылданған жылдамдық осы итерация қадамында алынған қозғалыс қарқындылығымен есептелген жылдамдықтан 1 км/сағ.-тан артық өзгергенше қайталанады, яғни автомобиль жолдары желісінің барлық учаскелерінде қозғалыс жылдамдығы мен қарқындылық арасындағы сәйкестікке қол жеткізгенге дейін.

8.1.13 Осы ведомстволық ережелер жиынтығы бойынша есептелген қозғалыс қарқындылығын осы ВЕЖ сәйкес жол-пайдалану қызметі жүргізетін қозғалыс қарқындылығын есепке алу деректерімен салыстырған жөн. Есептік және нақты деректерді салыстыру нәтижелері бойынша есептеу нәтижелерінің дұрыстығы және есептеу кезінде пайдаланылған бастапқы деректердің қозғалыс қарқындылығын түзету қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

8.1.14 Бұл әдіс 20 жылға дейінгі кезеңге қарқындылықты болжау мәселелерін шешуде, сондай-ақ жаңа құрылыс кезінде ықтимал қозғалыс қарқындылығын болжауда қолданылады.

8.2 Бастапқы деректерді дайындау

8.2.1 *i*-ші және *j*-ші корреспондент елді мекендер үшін халықтың келтірілген жиынтық саны олардағы халық санының арақатынасына байланысты айқындалады:

- үлкен елді мекендегі халық санының ($P_{\max}$) кіші елді мекендегі халық санына ($P_{\min}$) қатынасы 7,38-ден аз болған кезде - (12) формула бойынша анықталады:

$$P_p = (I_n \left(\frac{P_{\max}}{P_{\min}} \right) + 2) P_{\min} \quad (12)$$

қалған жағдайларда (13) формула бойынша:

$$P_p = 4 \times P_{\min} \quad (13)$$

8.2.2. i -ші және j -ші корреспондент елді мекендер арасындағы байланыс коэффициенті K_c олардың әкімшілік маңыздылығына және 2-кесте бойынша бағыныстылығына байланысты айқындалады.

2-кесте – Байланыстылық коэффициентінің мәні

Бірінші елді мекеннің әкімшілік маңызы	Елді мекендердің аумақтық тиесілігі	Екінші елді мекеннің әкімшілік маңыздылығына байланысты K_c коэффициентінің мәні		
		Облыс орталығы	Аудан орталығы	Жергілікті пункт
Облыс орталығы	Бір аумақ	-	1,0	0,4
	Әр түрлі аумақтар	0,4	0,3	0,1
Аудан орталығы	Бір аумақ	1,0	0,7	0,1
	Бір аудан	-	-	0,3
	Әр түрлі аумақтар	0,3	0,3	0,1
Жергілікті пункт	Бір аумақ	0,4	0,1	0,1
	Бір аудан	-	0,3	0,1
	Әр түрлі аумақтар	0,1	0,1	0,1

8.2.3 Қолданыстағы қозғалыс қарқындылығын есептеу кезінде автокөлік құралдарының тиісті типтерімен қанығу деңгейінің көрсеткіштері статистикалық есептілік деректері немесе әрбір облыс үшін ҚР жол полициясы материалдары негізінде белгіленеді. Бағдарламаларды әзірлеу және жекелеген объектілерге инвестицияларды негіздеу кезінде зерттелетін аумақ үшін автокөлік құралдарының тиісті типтерімен қанықтырудың бірыңғай деңгейін қабылдау қажет.

8.2.4 Бағдарламаларды әзірлеу кезінде тиісті облыстар үшін деректерді қабылдап, шағын елді мекендердің есепке алынбауынан туындайтын қатенің орнын толтыру үшін оларды тиісінше 30 және 60 %-ға ұлғайту қажет.

8.2.5 10 жылдық перспективада қозғалыс қарқындылығын болжау кезінде жеңіл автомобильдермен қанықтыру деңгейін 1,4-1,6 есе және жүк автокөлік құралдарымен - 1,3-1,5 есе, ал 20 жылдық перспективада - тиісінше 2,0-2,4 есе және 1,6-1,8 есе арттыру ұсынылады. Басқа перспективалық кезеңдерге қозғалыс қарқындылығын болжау кезінде аталған көрсеткіштерді интерполяция және экстраполяция негізінде көрсетілген деректерге сүйене отырып қабылдау керек.

8.2.6 Жеңіл автомобильдердің тәулік ішіндегі орташа жұмыс ұзақтығын 1 сағ./тәулікке тең деп қабылдау керек.

8.2.7 Жұмыс күндері жеңіл автомобильдерді пайдалануды сипаттайтын коэффициент (14) формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{л}} = 1 - (D_{\text{н}} + D_{\text{р}}) \quad (14)$$

мұнда, $D_{\text{н}}$ - статистикалық есептілік материалдарында ескерілген, бірақ техникалық ақауларға байланысты пайдаланылмайтын автомобильдердің үлесі (деректер болмаған жағдайда 0,15 тең деп қабылдауға болады);

$D_{\text{р}}$ - сәуір-қазан айлары аралығында саяжай учаскелеріне шығу үшін рекреациялық мақсаттармен, сондай-ақ жексенбі және мереке күндері ғана басқа мақсаттармен

ҚР ВЕЖ 7.1-001-2025

пайдаланылатын автомобильдер үлесінің жартысы (деректер болмаған жағдайда 0,1-ге тең деп қабылдауға болады).

8.2.8 Автобустардың орташа жұмыс ұзақтығы (15) формула бойынша анықталады:

$$t_a = T_{на} - 2 \quad (15)$$

мұнда $T_{на}$ - нарядтағы автобустардың орташа жұмыс ұзақтығы, сағ.;

2 - жүргізушілердің түскі ас пен демалысы кезінде автобустардың орташа тоқтау ұзақтығы, сағ.

8.2.9 Автобустарды пайдалануды сипаттайтын коэффициент (16) формула бойынша анықталады:

$$K_a = \Gamma_a \times K_{ва} \quad (16)$$

мұнда Γ_a - автобустардың дайындық коэффициенті (статистикалық есептілік немесе жол полициясы материалдарында ескерілгендердің техникалық жарамды үлесі);

$K_{ва}$ - автобустардың желіге шығу коэффициенті.

8.2.10 Жүк автокөлік құралдарының орташа жұмыс ұзақтығы (17) формула бойынша анықталады:

$$t_{г} = T_{нг} - 1,5 \quad (17)$$

мұнда $T_{нг}$ - нарядтағы жүк автокөлік құралдарының орташа жұмыс ұзақтығы, сағ.;

1,5 - жүргізушілердің түскі ас пен демалысы кезінде жүк автокөлік құралдарының орташа тоқтау ұзақтығы, сағ.

8.2.11 Жүк автокөлік құралдарын пайдалануды сипаттайтын коэффициент (18) формула бойынша анықталады:

$$K_{г} = \Gamma_{г} \times K_{вг} \quad (18)$$

мұнда $\Gamma_{г}$ - жүк автокөлік құралдарының дайындық коэффициенті (статистикалық есептілік материалдарында немесе жол полициясының деректерінде ескерілгендердің техникалық жарамды үлесі);

$K_{вг}$ - жүк автокөлік құралдарының желіге шығу коэффициенті.

8.2.12 Нарядтағы жұмыстың орташа ұзақтығы, автобустар мен жүк автокөлік құралдарының дайындығы мен желіге шығу коэффициенттері аумақтық статистикалық деректерге сәйкес қабылданады

8.2.13 Статистикалық деректер болмаған жағдайда жеңіл автомобильдермен қанықтыру деңгейін 90-110-ға тең, автобустармен - 3 және жүк автокөлік құралдарымен 20-22 авт./мың тұрғынға тең қабылдауға болады. Нарядындағы автобустар жұмысының орташа ұзақтығын Қазақстан бойынша орташа мәнге - 11,6 сағатқа, ал жүк автокөлік құралдары үшін - 9,1 сағатқа тең деп қабылдауға болады. Жүк автокөлік құралдарын ағымдағы жағдайда пайдалану коэффициентін 0,25-ке, ал перспективада 0,5-0,6-ға, ағымдағы күйдегі автобустарды пайдалану коэффициентін 0,6-ға, ал перспективада 0,7-0,8-ге тең деп қабылдауға болады.

8.3 Корреспонденттік пункттер арасындағы берілген қашықтықты анықтау

8.3.1 Корреспондент елді мекендер арасындағы келтірілген қашықтық (19) формула бойынша оларды қосатын автомобиль жолдары учаскелерінің келтірілген ұзындықтарының қосындысы ретінде айқындалады:

$$L_{\text{пр}} = \sum L_z \quad (19)$$

мұнда L_z - z -ші учаскенің келтірілген ұзындығы, км.

